



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

ішінде құрлықтағы ең ұзын бөлігі де осы Қазақстанда. Қазақстан үшін Каспий мәселесінде бір шешімге келу өте маңызды, себебі тәуелсіздік алғанына 20 жылдан асқан Қазақстан шекарасының жалғыз делимитацияланбаған аумағы осы Каспий ғана. Осылайша әрбір мемлекеттің өз жеке суверенитет позициясынан аса алмауы, бір келісімге келе алмауының басты себебіне айналып отыр [4. 274 б.].

Осы кезекте, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 ж Астраханьда Каспий мемлекеттерінің 9 қыркүйекте өткен саммитінен сөзін келтірсек: «Біздің мақсатымыз тек теңізді бөліп қою ғана емес, керісінше оның ерекше экожүйесін қорғау. Бұл біздің болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігімізге жүктеледі». [5].

Каспийдің теңіз ортасын қорғауға байланысты Шектелмелі Конвенция 2003 ж 4 қарашада іргелес мемлекеттер: Әзірбайжан, Иран, Қазақстан, Ресей және Түрікменстан арасында келісімге қол қойылды. Конвенцияның басты мақсаты – Каспий теңіз қоршаған ортасын ластанудан қорғау, сақтау, жаңғырту, биологиялық қорын тұрақты және тиімді түрде пайдалану. Конвенция 2006 ж 12 тамызда күшіне енді. Алайда, экологиялық мәселелер бойынша ең эффективті стратегия – табиғатты қорғауда іргелес мемлекеттердің белсенді түрде бірігіп қызмет атқаруы және олардың аймақтық деңгейдегі ұлттық немесе мемлекеттік емес ұйымдарды жоғарғы дәрежеде консолидациялауы екендігін ескере кеткен жөн. Шектелмелі Конвенция Каспий теңізінің табиғи, халықаралық құқықтық ерекшеліктеріне сәйкес, ластануды қадағалау және тоқтату бойынша аймақтық ықпалдастықтың жаңа инновациялық формаларын енгізіп, теңіз ортасының күйіне мониторинг жариялау, ғылыми зерттеулер мен дайындауларды жүргізу бағыттарында да жемісті қызмет атқарып отыр [6].

Қазір ме, әлде кейінірек пе Каспийдің іргелес мемлекеттеріне Каспийдің құқықтық статусын толықтай шешуге тура келеді, қарастырылмаған тағы бір нұсқа Халықаралық сот көмегімен құқықтық статусты анықтау. Тарихта белгілі жағдай Солтүстік теңізді Халықаралық сот бөлген болатын, осы жағдайды бастама ретінде алуға әбден болады. Себебі, сарапшылардың анықтамалары бойынша, сот шешімін аз дегенде 5 жыл күтуге тура келеді, ал халықаралық құқық нормасы бойынша сот шешімінсіз кез келген іс-әрекетке тыйым салынады. Бұл нұсқаға тағы бір дәлел – Солтүстік теңіз өз кезегінде құқықтық статусы бойынша – теңіз, және ол БҰҰ 1982 ж Конвенциясына бағынады, ал Каспий керісінше ол Конвенцияға жатпайды, демек Солтүстік теңіз мәселесін шешкен халықаралық сот бұл мәселені де шешетіні сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер

1. www.worldwaterforum6.org – Бүкіләлемдік Су Форумы, - Марсель 2012.
2. Әжіғали С.Е., «Еуразия тарихы мен мәдениеті аясындағы Арал-Каспий аймағы» // Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған II халықаралық ғылыми конференция материалдары – Ақтөбе қ., 2011 – 404 б.
3. Rayvand News of Iran ақпараттық орталығы.
4. Салимгерей А.А., «Морское право и внутриконтинентальные государства» – Алматы – 2000 – 274 б.
5. Каспий мемлекеттері президенттерінің саммитінен үзінді – Астрахань – 2014
6. Экологические, экономические и политические аспекты ратификации Республики Казахстан Киотского протокола к Рамочной Конвенции ООН об изменении климата // Мажилис Парламента РК – Астана – 2006

ӘОЖ 327:913(581:73)

АУҒАНСТАННЫҢ ГЕОСАЯСИ ОРНАЛАСУЫ ЖӘНЕ ОҒАН АҚШ-ТЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ

Дюсенова Арна Төлегеновна
arna.dyussenova@mail.ru

Ауғанстан – Таяу Шығыстағы теңізге шығу жолы жоқ мемлекет, астанасы – Кабул. Әлемдегі ең кедей елдердің бірі (АДИ 2013 – 0,468 төмен (169-орын)). 1978 жылдан бастап, елде азаматтық соғыс жүріп жатыр.

Ұлыбританиядан тәуелсіздігін 1919 жылы 19 тамыз алды, ХІ ғасырда Газневидтер мемлекетінің құрамына кірген соң Ислам дінін қабылдады. Қазір мемлекеттік дін – сүнниттік ағымдағы ислам.

Батысында Иранмен, оңтүстік-шығысында Пәкістанмен, солтүстігінде Түркіменстанмен, Өзбекстанмен және Тәжікстанмен, шығысында Қытаймен, оңтүстігінде Үндістанмен (дұрысында Үндістан, Қытай және Пәкістан таласатын Джамму және Кашмир аумағымен) шектеседі.

Ауғанстан Батыс пен Шығыс түйісетін жерде орналасқан. Ежелгі сауда мен көші-қон орталығы болып табылады. Оның геосаяси жағдайы — бір жағынан Оңтүстік және Орталық Азияда, екінші жағынан Таяу Шығыста орналасуы, сол аймақта орналасқан елдердің арасындағы саяси және мәдени қатынастарында, маңызды рөл атқарады.

Ислам мемлекетті Ауғанстан Азияның оңтүстік-батыс бөлігінде маңызды геосаяси орын алады. Ол халықтардың ежелгі көші-қон және жаулап алушы жорықтар жолдарында орналасқандығы, елді мекендейтін халықтардың этникалық және мәдени алуан түрлілігін түсіндіреді.

Таяу Шығыста үстемдікті бекіту үшін Ауғанстанды ұстау маңызды болды. Мысалы, ХІХ ғ. бойы өз үстемдігін орнату үшін, Ұлыбритания Үндістанды жаулап алғаннан соң Ауғанстанға бірнеше сәтсіз жорықтарға аттанды. Кейін осында, Британ және Ресей империяларының геосаяси мүдделері, ал ХХ ғ. АҚШ пен КСРО-ның мүдделері қақтығысты. Ауғанстан туралы «империялар зираты» деп айтылған кездейсоқтық емес.

1921 жылы Кабулда Ауғанстан мен Ұлы держава арасында бірінші тең құқықты шарт ретінде тарихқа енген, достастық жөніндегі кеңес-ауған келісіміне қол қойылды.

Келісімде жақтар бір-бірінің тәуелсіздігін танығанын және дипломатиялық қатынастарды орнатқанын растады. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Германия мен Түркияның Ауғанстанды өз жағына қарату әрекеттеріне қарамастан, Ауған мемлекеті бейтараптық сақтады.

Соғыстан кейінгі жылдарда Кеңес Одағы Ауғанстанмен тығыз ынтымақтастықта болды. 1973 жылы Ауғанстанда мемлекеттік төңкеріс болғаннан кейін монархия құлап, республика болып жарияланды. Төңкеріс түрлі саяси күштер арасындағы қарама-қайшылықтарды ушықтырып түсірді. Нәтижесінде, 1973 жылы сәуірде «Сауыр» революциясы өтіп, билікке Ауған Демократиясын құрғанын жариялаған, халықтық-демократиялық партия келді.

Ауғанстанның халықтық-демократиялық партия ішіндегі қайшылықтар, үкіметтің әлеуметтік және экономикалық саясаттағы ауыр қателіктері, қарулы оппозицияның әрекетінің жандануы елдегі жағдайды одан әрі күрделендірді. Осының барлығы және Ауғанстанның істеріне шет елдердің, сонымен қатар Қытайдың араласуы Кеңес Одағына үлкен қауіп төндірді. Осы жағдайда кеңес үкіметі Ауғанстанда мәселенің тиімді шешу жолдарын таппай және ауған үкіметінің бірнеше табанды өтініштерінен кейін, 1979 жылдың желтоқсанында Ауғанстанға кеңес әскерін енгізуге мәжбүр болды. Бастапқыда бұл елдегі жағдайды тұрақтандыруға ықпал етті. Алайда, халықтың кең қолдауын таппағандығы, жаңа үкіметтің қабылдаған әлеуметтік-саяси және экономикалық реформаларының тиімсіздігіне байланысты, соғыс 10 жылға жуық созылды.

Нәтижесінде барлық халықаралық жағдайдың шиеленісі өсті. 1988 жылдың сәуірінде БҰҰ бастамасымен және КСРО мен АҚШ қолдауымен Женевада келісімдерге қол қойылды,

оларға сәйкес Ауғанстаннан Кеңес әскерлері шығарылады және сол уақытта Пәкістан мен Иранда моджахедтерді дайындайтын барлық лагерлер жабылады, Пәкістан және тағы басқа батыс елдер жағынан ауған оппозициясына материалдық және әскери көмек көрсету тоқтатылады. 1989 жылдың 15 ақпанында барлық кеңес әскері шығарылды, кейіннен Ресей Ауғанстан Республикасына барлық көмек көрсетуді тоқтатты, ал ауған оппозициясына қаржы және әскери көмек көрсетілу жалғастырылды. Осының барлығы Ауғанстанның республикалық үкіметінің құлауына әкелді. Билікке, елдегі жағдайды тұрақтандыра алмайтын, талибтермен басқарылатын қарулы оппозиция келді. Ауғанстанда кеңес үкіметі болғанда, ортақ жау факторы түрлі оппозициялық топтарды біріктірді, ал кеңес әскерінің кетунен кейін олар арасындағы соғыс одан әрі шиеленісе түсті. Осылай, Ауғанстанда қырғын азамат соғысы 10 жылдан астам бойы жалғасты [1].

Осы уақытта, 1977-1981 жылдары АҚШ президентінің ұлттық қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісі қызметін атқаратын З.Бжезинскийдің мемлекеттің сыртқы саясатына ықпалы өте үлкен болды. Оның геосаяси тұжырымдамалары Рейган президенті кезінде пайдаланылды. Ол өзінің сұхбатында КСРО-ның Ауғанстанға кіруіне дейін көп уақыт бұрын АҚШ-тың исламистерді қолдағанын айтты. Исламистерді қолдау себебі – КСРО-ның Ауғанстанға әскерін жіберуінің мүмкіндігін арттыру. АҚШ үкіметінің құпия операциялар жүргізуінің бірнеше мақсаттары болды:

- КСРО-ны құлату;
- Таяу Шығыс аймағын өз қарамағына алу [2].

2001-2014 жылдары болған соғыс кезінде АҚШ әскерінің Ауғанстанда қалуының екі себебі болды. Бірінші, апиынның әлемдік нарыққа жеткізілімдерін қалпына келтіру және бағылауға алу арқылы есірткіні өзінің оппоненттеріне, әсіресе Ресейге қарсы геосаяси қару ретінде пайдалану. Екінші, елдің территориясында АҚШ-тың тұрақты соғыс-әуе күштерінің топтамасымен бірге американдық тұрақты екпінді күшін салу [3].

КСРО құлағаннан кейін НАТО-ның болуы мәнсіз болып қалды. АҚШ-тың кейбір жарамсыз акциялары Альянс мүшелерінен қолдау таппады, сонымен қатар Югославияға қарсы 1999 жылғы агрессия АҚШ-тың әлемдік сахнада беделін төмендетті. Осы уақытта НАТО және басқа елдерді АҚШ-тың айналасында біріктіретін, әлемді сілкіндіретін оқиға керек болды. Осы оқиға 2001 жылды 11 қыркүйектегі теракт болды.

АҚШ әлемді ислам факторынан сақтауын сылтау етіп, Ауғанстанға 2001 жылы әскерін аттандырды. Басқа елдер АҚШ-тың қолдауы ие болу үшін өз қарулы күштерін Ауғанстанға жібере бастады.

АҚШ үшін Ауғанстанның геосаяси орналасуының және әскери-стратегиялық мәнінің маңыздылығы:

- ТМД мен ҰҚШҰ-мен тікелей территориялық жақын болуынан, Ресейдің бұл аймақта стратегиялық қызығушылығын тежеу;
- Әртүрлі қоғамдық –саяси құрылымы бар және халқы жағынан көп елдермен көршілер орналасуы: Қытай, Үндістан, Пәкістан және Иран;
- Әлемдік мағынасы бар шикізат, әсіресе мұнай көздерімен (Түркіменстан, Өзбекстан, Иран) жақын орналасуы.
- Ауғанстан территориясында Үндістанна Пәкістанға және Иранға ең қысқа құрлықтағы байланыстардың орналасуы.

Ауғанстандағы АҚШ-тың қатысуымен соғысты екі кезеңге болуге болады:

1. 2001-2014 жылдар аралығында;
2. 2015 жылдан бастап

Соғыстың бірінші кезеңі ішінде Ауғанстанда героин өндірісі артты. Зертеулер бойынша, АҚШ есірткі өндірісінен өте үлкен табыс алады. 2001 жылы талибтердің көкнәрді өсіруге тыйым салғанда елде 185 тонна есірткі өндірілді, НАТО әскері келгеннен кейін 4000 тоннаға жуық есірткі өндірілді.

АҚШ-тың әлемде әскери базаларының саны 1000 жетеді, олар әлемнің әскери базаларының 75% құрайды. Ауғанстанда олардың саны 800-ге жетеді.

2014 жылдың желтоқсанында Кабулда 2001 жылы басталған «Бұзылмайтын еркіндік» операциясының жабылу рәсімі өткенімен, АҚШ әскерлері Ауғанстанды қалдырмады. Керісінші олар өзінің Ауғанстанда болуын 2015 жылдың желтоқсанына дейін жалғастырды. Осыған себеп ретінде, соғыстың бірінші кезеңінің нәтижесін келтіреді, коалиция әскерінің көп бөлігі шығарылғаннан кейін үкіметтік және террористердің күштерінің арасында соғыс әрекеттерінің қайта басталуы. Оған осы жылдың 5 қаңтарында Кабулдың орталығында талибтер жауабын алған машина жарылысы және Ауғанстанда ИГИЛ-дің күшеюі әсер етті.

Осының нәтижесінде АҚШ президенті Барак Обама 19 наурызда өз әскерін талибтермен және ИГИЛ-мен күресу үшін Ауғанстанда қалдырады [4].

Соғыстың бірінші кезеңін қорытындылай келе, Ауғанстанды XIX ғасыр бойы батыс елдерінің саясаткерлері армандайтын үлгі деп алуға болады. Қазір Ауғанстан – демократиясы жоқ, экономикасы мен өндірісі жоқ, әлемнің ең үлкен есірткі зертханасы болып табылатын, толығымен АҚШ-тан және Батыс елдерінен тәуелді мемлекет. Оған дәлел ретінде 2004-2014 жылдар аралығында Ауғанстанның президенті болып тағайындалған, UNOCAL-дың бұрынғы жұмысшысы Хамид Карзай, оның рұқсатымен АҚШ Ауғанстан арқылы өтетін мұнай құбырын салды. Сонымен бірге, Ауғанстан шығатын қауіп бұрыннан өзінің аймағынан шықты. Алайда, Орта Азияда, Таяу Шығыста тіпті Орталық және Батыс Еуропада Ауғанстан Американың геосаяси құралы ретінде өзінің жұмысын: қауыртты жағдайларды құрумен және есірткіге тәуелді адамдар санын көбейтуді, - жақсы орындауда.

2014 жылдың 28 желтоқсанында Ауғанстаннан ресми түрде АҚШ-тың және НАТО-ның әскери шыққанда, елде әлі де Альянстың 13000 әскери қызметкерлері елдегі жағдайды тұрақтандыру үшін қала берді.

Ауғанстанда әскери әрекеттерінде әскери араласу шыңында 50 елден 140 мыңға жуық әскери қызметкерлер қатысты. 13 жылға созылған әскери тапсырмада үш мыңнан астам шетелдік әскери қызметкерлер мерт болды [5].

Қолданылған әдебиеттер

1. М.Гареев Ключевая проблема безопасности// Военно-промышленный курьер. 2009 №47.
2. Vincent Jauvert The CIA's intervention in Afganostan //Le nouvel observateur. Paris. 15-21 January 1998.
3. F.William Engdahl The geopolitics behind the phoney US war in Afganistan // Full Spectrum Dominance in the World Order 21 October 2009
4. Чалмер Джонсон Американская империя военных баз во всем мире // NorthStarCompass. 2011 №4
5. politrussia.com/world/uyti-nelzya-ostatsya-357/

ӘОЖ: 327.83

АМЕРИКАНДЫҚ СИМВОЛИКА АҚШ-ТЫҢ ЖАҒАНДЫҚ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ САЯСАТЫНЫҢ ИНДИКАТОРЫ РЕТІНДЕ

Жанабай Алтынгүл Бауыржанқызы

janabayrocks@gmail.com

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті, Аймақтану кафедрасының 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Қ.Ғ.Даркенов

Брокгауз Ф. А және Ефрон И. А. бойынша, символика - белгілі бір топ, ұйым, қоғамдық немесе саяси құрылымдар, мемлекетте қолданылатын символдардың жиынтығы. Символдардың біздің күнделікті өміріміздегі маңызы зор: әріптер, цифрлар, жол белгілері мен техникалық бұйымдардағы белгілер. Символиканың пайда болу тарихы тамырымен